

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 27 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қаңтарда № 4894 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 11.05.2020 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8 -1) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 433 " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4344 тіркелген, 2018 жылғы 12 қаңтарда " Қазығұрт тынысы" газетінде және 2018 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Тұрсынқұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Т. Телғараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 28 қаңтардағы
№ 27 қаулысына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны (жергілікті бюджет есебінен)	8081
---	------

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 28 қаңтардағы
№ 27 қаулысына
2-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	495,46	631,18

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.